

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандарына арналған «ІТ-кәсіпкерліктің негіздері (бизнес-инкубатор, блокчейн, краудфандинг және т.б.) жобаларды коммерцияландыру үшін өзекті құралдар» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандарына арналған «ІТ-кәсіпкерліктің негіздері (бизнес-инкубатор, блокчейн, краудфандинг және т.б.) жобаларды коммерцияландыру үшін өзекті құралдар» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ғылыми-техникалық бағытта балаларға қосымша білім беруді дамытуға және әрі қарай жетілдіруге қатысты сұрақтарды қамтиды, педагогтердің теориялық, практикалық білімдерін жаңартуды және кәсіби дағдыларын кеңейтуді, оларға әдістемелік көмек көрсетуді қарастырады.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (бұдан әрі – ҚР БҒМ РҚБОО) педагогтердің кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін сауалнама жүргізу арқылы диагностикалау, сондай-ақ қолданыстағы талаптардың өзгеруі немесе жаңа талаптардың пайда болуы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін талдау жолымен әзірленді.

3. Біліктілікті арттыру Курсының (бұдан әрі-Курс) ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Сабақ кестесін құрастыру барысында ғылымның және педагогикалық технологиялардың жаңалықтарын ескере отырып, бағдарлама тақырыбына өзгеріс енгізуге болады.

4. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары арқылы жүзеге асырылады: дәріс, практикалық сабақ, шығармашылық шеберхана, шеберлік сынып, шағын топтарда жұмыс, дөңгелек үстел, конференция, жобаларды қорғау.

5. Бағдарлама ғылым мен бизнес саласындағы жаңа жетістіктерді ескере отырып, балаларға қосымша білім беру педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың кәсіби, педагогикалық шеберлігін және көшбасшылық дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

6. Бағдарлама жинақталған тәжірибені таратқан, өз қызметін инновациялылық тұрғыда талдаған және зерделенген тәжірибе негізінде педагогикалық қызметтің вариативті үлгісін жобалаған педагогтермен тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

7. Бағдарлама оқыту бағдарламаларын жүргізу әдістемесін дамытуға және жетілдіруге, бизнес пен ІТ кәсіпкерлік бойынша және қосымша білім беруде

инновациялық дамудағы жаһандық трендтердің дәстүрлі және инновациялық әдістерін қолдана отырып, педагогтердің шығармашылық әлеуетін танытуға ықпал етеді.

2-тарау. Глоссарий

8. Бағдарламада қолданылатын ұғымдар:

1) бизнес-инкубатор – барлық даму кезеңдерінде жас кәсіпкерлердің идеяларды әзірлеуден бастап оны коммерцияландыруға дейінгі жобаларын қолдаумен айналысатын ұйым;

2) блокчейн – желіде ақпараттарды сақтайтын белгілі бір тәртіп бойынша құрылған блоктар тізбегі;

3) білім беру бағдарламасы – оқу үрдісінің мақсаты, тақырыптық және оқу жоспарлары, оларды іске асырудың тәсілдері мен әдістері, нақты білім беру мекемесі жағдайында нәтижелерді бағалау өлшемдері көрсетілетін құжат;

4) воркшоп – қатысушылардың өз бетінше білім алатын оқыту іс-шаралары (семинарлармен, курстармен, шеберханалармен тең);

5) краудфандинг - басқа адамдардың немесе ұйымдардың күш-жігерін қолдау үшін, әдетте, Интернет арқылы өз ақшаларын немесе басқа ресурстарды ерікті біріктіретін адамдардың ұжымдық ынтымақтастығы;

6) нетворкинг – қандай да бір салада жұмыс істейтін немесе байланысы бар достар мен таныстар шеңберінің көмегімен қиын өмірлік міндеттер мен бизнес-мәселелерді барынша тез және тиімді шешуге бағытталған әлеуметтік және кәсіби қызмет;

7) педагогикалық қызмет - рухани-практикалық тәжірибені беру кезінде адамдар арасында туындайтын қатынастарды қамтамасыз ететін қызмет;

8) стартап - жаңғыртуға болатын және кеңейтілетін бизнес үлгісін табу үшін құрылған компания.

3 - тарау. Бағдарлама тақырыбы

9. Теориялық және практикалық академиялық сағаттар саны көрсетілген бағдарлама тақырыбы:

1) нормативтік құқықтық модуль – 6 сағат (теория).

Кіріспе. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері – 2 сағат.

Қосымша білім беруді дамытудың және жобалар мен стартаптарды коммерциализациялаудың қазіргі тенденциялары – 2 сағат.

Қосымша білім беру ұйымдарында жемқорлыққа қарсы күрес шаралары – 2 сағат;

2) психологиялық-педагогикалық модуль – 8 сағат (4 – теория, 4 – практика).

Коммерциализацияның өзекті құралдарын қолданудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері – 4 сағат (2 – теория, 2 – практика).

Балаларға қосымша білім берудегі IT-кәсіпкерліктің психологиялық аспектілері – 4 сағат (2 – теория, 2 – практика);

3) теориялық-технологиялық модуль – 20 сағат (10 – теория, 10 – практика).

IT-кәсіпкерліктің негіздері – 4 сағат (4 – теория).

Коммерциализацияның нақты құралдарын қолдану - блокчейн, краудфандинг және т.б. – 6 сағат (2 – теория, 4 - практика).

Бизнес-инкубатор - балаларға қосымша білім берудегі кәсіпкерліктің қозғаушы күші – 6 сағат (2 – теория, 4 – практика).

Нетворкинг, краудфандинг - балаларға қосымша білім беру жобаларына арналған алаң (платформа) (ковокринг, воркшоп) – 4 сағат (2 – теория, 2 – практика);

4) практикаға бағдарланған модуль – 46 сағат (12 – теория, 34 – практика).

Балаларға қосымша білім беруде IT кәсіпкерлікті енгізудің тиімді әдістері мен жолдары – 10 сағат (4 – теория, 6 – практика).

Балалардың қосымша білім беру саласындағы балалар шығармашылығы мен ғылыми жобаларды коммерцияландыру және IT-кәсіпкерлік – 10 сағат (2 – теория, 8 - практика).

Бизнес-инкубаторлардың құрылымы, құрылуы және дамуы – 10 сағат (2 – теория, 8 - практика).

Нетворкинг және краудфандинг платформаларын ұйымдастыру және қызмет көрсету – 10 сағат (2 – теория, 8 - практика).

Блокчейн технологиясы – 6 часов (2 – теория, 4 – практика).

Барлығы – 80 академиялық сағат: теория – 32, практика – 48.

4-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

10. Бағдарлама мақсаты: балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың білімін жаңарту және кәсіби құзыреттілігі деңгейін жетілдіру үшін жағдай жасау.

11. Бағдарламаның міндеттері:

1) балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі заңнамалық, нормативтік құқықтық актілердегі жаңартулармен, ғылым мен техниканың, технологияның дамуының заманауи үрдістерімен таныстыру;

2) IT-кәсіпкерлік негіздерін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін зерделеу;

3) коммерциализацияның заманауи құралдарын бизнес-инкубатор, блокчейн, краудфандинг және басқаларын білім беру ұйымдарында педагогтік қызметке енгізу және өзектендіру;

4) балаларға қосымша білім берудегі IT-кәсіпкерліктің қазіргі заманғы үрдістерімен, жобалар мен стартаптардың коммерцияландырумен таныстыру.

12. Курс соңында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың білімдері жаңартылады және кәсіби құзыреттілік дағдылары жетілдіріледі.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) балаларға қосымша білім беру жүйесінің заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, ғылым, техника және технология саласындағы қосымша білім беру жүйесінің даму тенденцияларын білді;

2) білім беру ұйымдарында IT-кәсіпкерлік негіздерін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін игерді;

3) білім беру ұйымдарында педагогтік қызметке жобаларды коммерциализациялаудың заманауи құралдарын: бизнес-инкубатор, блокчейн, нетворкинг, краудфандинг және т.б. игерді және енгізеді;

4) IT-кәсіпкерліктің қазіргі заманғы тенденцияларымен және балалардың қосымша білім берудегі стартаптар мен жобаларды коммерцияландырумен таныстырылды.

5-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

13. Бағдарламаның құрылымы:

1) жалпы ережелер;

2) глоссарий;

3) Бағдарлама тақырыбы;

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;

5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;

6) оқу процесін ұйымдастыру;

7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;

8) оқу нәтижелерін бағалау;

9) курстан кейінгі қолдау;

10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

14. Бағдарламаның мазмұны төрт модульден құралады:

1) нормативтік құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) теориялық-технологиялық;

4) практикаға бағдарланған.

15. Нормативтік құқықтық модуль балаларға қосымша білім берудің заңнамалық, нормативтік құқықтық базасының жаңаруы, қазақстандық білімнің жаңғыру бағыттары бойынша сұрақтарды ашады.

Модульдің болжамды тақырыптары.

1) балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметтерін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері;

2) қосымша білім беруді дамытудың және жобалар мен стартаптарды коммерцияландырудың қазіргі тенденциялары;

3) білім беру ұйымдарында жемқорлыққа қарсы күрес шаралары.

16. Психологиялық-педагогикалық модуль балаларды тәрбиелеудің жас ерекшеліктерін ескере отырып, бала тұлғасын дамытудың, балалардың бойындағы IT-кәсіпкерлік дағдыларын дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы білімдерін жетілдіруді, педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас және кикілжіңдердің алдын алу мәселелерін қарастырады.

Модульдің болжамды тақырыптары.

1) коммерцияландырудың өзекті құралдарын қолданудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері;

2) балаларға қосымша білім берудегі IT-кәсіпкерліктің психологиялық аспектілері.

17. Теориялық-технологиялық модуль жаңа педагогикалық, жобалық және зерттеу технологияларын, балалармен жұмыстың мазмұны мен нысандарын, оларды қолдану ерекшеліктерін, негізгі күтілетін нәтижелерді ашады.

Модульдің болжамды тақырыптары.

1) IT-кәсіпкерліктің негіздері;

2) коммерцияландырудың нақты құралдарын қолдану - блокчейн, краудфандинг және т.б.;

3) бизнес-инкубатор - балаларға қосымша білім берудегі кәсіпкерліктің қозғаушы күші;

4) нетворкинг, краудфандинг - балаларға қосымша білім беру жобаларына (ковокринг, воркшоп) арналған алаң (платформа).

18. Бағдарламаның практикаға бағдарланған модулі балаларға қосымша білім берудегі практикаға бағдарланған білім беруге көшу жағдайында педагогикалық қызметті жетілдіруге ықпал етеді.

Модульдің болжамды тақырыптары.

1) балаларға қосымша білім беруде IT кәсіпкерлікті енгізудің нақты әдістері мен жолдары;

2) балалардың қосымша білім беру саласындағы балалар шығармашылығы мен ғылыми жобаларды коммерцияландыру және IT-кәсіпкерлік;

3) бизнес-инкубаторлардың құрылымы, құрылуы және дамуы;

4) нетворкинг және краудфандинг платформаларын ұйымдастыру және қызмет көрсету;

5) блокчейн технологиясы.

6-тарау. Оқу процесін ұйымдастыру

19. Оқу процесін ұйымдастыру сабақтарды дәрісханалық және қашықтық нысандарында, сондай-ақ, тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс жасауын қарастырады.

20. Бағдарлама педагогтердің және бейін бойынша мамандардың дәстүрлі және инновациялық әдістерін қолдана отырып, шығармашылықтарын көрсету үшін қажетті жағдай жасайды.

Бағдарлама балаларға қосымша білім беруді дамыту және қызмет ету процесін заңнамалық және нормативтік құқықтық, ғылыми-зерттеу, бағдарламалық-әдістемелік, практикалық қамтамасыз ету бойынша теориялық және практикалық сабақтарды қамтиды және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының қосымша білім беру сапасын жетілдіру бойынша іс-қимылдардың мақсатты, тұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

21. Оқу процесі оқытудың интерактивті әдістерін: пікірсайыстар, шеберлік сыныптары, тренингтер, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірге шешу, жобаларды қорғау қамтиды.

22. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандары.

7-тарау. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

23. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – бұл Бағдарламаның тақырыптық модульдері бойынша қажетті барлық оқу-әдістемелік құжаттардың және материалдардың көмегімен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері мен бейіні бойынша мамандарын оқытуды ұйымдастыру және оны іске асыру үшін қажетті жиынтық.

24. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесі материалдарды қамтиды.

оқу-әдістемелік құралдар;

тренер/оқытушы/тьютор, тыңдаушыға арналған әдістемелік ұсынымдар;

дәріс конспектісі;

практикалық сабақтар бойынша құралдар;

білуін, меңгеруін, дағдысын бақылау материалдары;

гlossарий (анықтамалық, сөздік);

таныстырылым және үлестірмелі материалдар;

практикалық сабақтың әдістемелік материалдары;

аудио, бейне және мультимедиялық материалдар;

негізгі, қосымша әдебиеттер ретінде тыңдаушыларға ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімдері және басқалар.

Оқу-әдістемелік кешендер басылымдық (кітаптар, кітапшалар) нұсқасында, электронды түрінде де қолданылуы мүмкін.

25. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарламаның модульдері бойынша:

1) нормативтік құқықтық модуль – Қазақстан Республикасының білім мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерімен;

2) психологиялық-педагогикалық модуль – электрондық оқыту ресурстарымен (аудио, бейне материалдары, анимация және кескінмен сипаттау), тренингтің және практикалық сабақтың әдістемелік материалдарымен;

3) теориялық-технологиялық модуль – оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша бағдарламалармен, білім мазмұнын жаңарту бойынша әдістемелік ұсынымдармен, оқу-әдістемелік құралдарымен, оқу-анықтамалық (гlossарий, анықтамалық, сөздік және басқа) материалдарымен;

4) практикаға бағдарланған модуль – заманауи оқу-әдістемелік кешендердің, практикалық сабақтардың, шеберлік сыныптардың, тренингтердің, таныстырылым материалдарының әзірлемелерімен;

5) сондай-ақ әр модуль –баспа немесе электронды нұсқадағы дәрістердің конспектілерімен іске асырылады.

8-тарау. Оқу нәтижелерін бағалау

26. Курс соңында балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың білімдерін жаңарту, толықтыру және кәсіби құзыреттілігінің дағдыларын жетілдіру қарастырылады.

27. Оқу процесінің соңында тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау мақсатында (таңдау бойынша):

1) өзіндік жұмыс;

2) қорытынды тестілеу жүргізіледі.

28. Курстың қорытындысы бойынша тест тапсырмалары білімге қатысты сұрақтарды:

1) білім беру жүйесіндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді;

2) қосымша білім беру ұйымдарын басқаруға заманауи тәсілдерді;

3) шығармашылық қызмет процесінде психологиялық-педагогикалық аспектілерді;

4) оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қамтиды.

29. Курстың қорытындысы бойынша жобаның таныстырылымы зерттеу жұмыстарын жеке немесе зерттелген модульдер тобында қорғауды қамтамасыз етеді.

30. Бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша бақылау жұмысын бағалау өлшемдері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – педагог немесе бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінеді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдайды және жинақтайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – педагог немесе бейіні бойынша маман орындалған тапсырманың проблемалық саласын жеткіліксіз біледі, шешілетін проблеманың бастапқы себептерін түсінбейді, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, проблеманы шешу үшін тәсілдерді (әдістер, құралдар, нысандар, аспаптар және тағы басқа) талдай алмайды және жинақтай алмайды, күнделікті практика проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

9-тарау. Курстан кейінгі қолдау

31. Педагогтің жеке тапсырмасын шешуге бағдарланған Курстан кейінгі қолдау келесі элементтерден тұрады: өзін анықтауы, құзыреттілігінің өзектілігі, кері байланыс, үздіксіздік. Курстан кейінгі кезең толық жасалған рефлексияны, курстан соң олардың іске асыратын қызметі туралы шығармашылық есебін болжайды.

32. Курстан кейінгі қолдауда педагогтің қызметіне келесі нысандар қолданылады:

- 1) кәсіби дамудың нәтижелері;
- 2) педагог Курс өткен соң бірінші күнтізбелік жыл ішінде үштен кем емес өзіндік жұмысын ұйымдастыруы және өткізуі;
- 3) Курста өткен және алған білімін, біліктілігін, дағдыларын жұмыс тәжірибесінде қолданатын педагогтерді тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларға қатысуға тарту, олардың іс-тәжірибесін көпшілік алдында мойындау;
- 4) Курс бағдарламасына түзету енгізу.

33. Педагогтің қызметіне курстан кейінгі қолдау көрсету мониторингі үш жыл бойы жылына бір рет сырттай немесе қашықтықтан өткізу нысанында өткізіледі.

34. Курстан кейін әр тыңдаушы кәсіби дамуының жеке жоспарын даярлайды және курс ұйымдастырушыларына шығармашылық есебін жібереді.

10-тарау. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

35. Курстың оқу процесінде қолданылатын негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

1) «Балалар ғылыми-техникалық шығармашылығының білім беру бағдарламалары бойынша әдістемелік ұсынымдар», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана – 2015;

2) «Балаларға арналған инновациялық парктерінде балалардың техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана – 2015;

3) «Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесінде құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана – 2016;

4) «Қосымша білім беру жағдайында оқытудың интерактивті түрлерін ұйымдастыру және білім беру мазмұнын жаңарту (ғылыми-техникалық бағыт: робототехника, технопарктер, бизнес-инкубаторлар және басқалар)» әдістемелік ұсынымдар – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2013 ж.;

5) «Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы әлеуметтік экономикалық жағдайында қосымша білім беру» әдістемелік ұсынымдар – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2013 ж.;

6) Моргульчик Александр Моисеевич. Развитие предпринимательства на основе современных информационных технологий: диссертация кандидата экономических наук: 08.00.05.- Москва, 2001.- 182 б: ил. РГБ ОД, 61 02-8/25-3;

7) Моисеенко Елена Александровна, Григан Александр Михайлович, Болошин Геннадий Алексеевич, Анопченко Татьяна Юрьевна, Чернышев Михаил Анатольевич, Коммуникации в бизнесе, Феникс, 2007 ж., 315 б.;

8) Владимир Горбунов: Бизнес-инкубаторы и предпринимательство-Издательство: РИОР, 2019 ж., 215 б.;

9) Горбунов В. Л., Бизнес-инкубаторы и предпринимательство: монография-Издательство: РИОР; Инфра-М, 2014 ж, 215 б.;

10) Джесси Рассел, Бизнес-инкубатор-Издательство Книга по Требованию, 2013 ж, 28 б.;

11) А.Н. Асаул, М.П. Войнаренко, П.Ю. Ерофеев, Организация предпринимательской деятельности, Учебник. Под ред. д э.н., проф. А.Н. Асаула. – СПб.: «Гуманистика», 2004. – 448 б.;

12) Виген Оганесян, Развитие технопарков и бизнес-инкубаторов-Издательство: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2011 ж, 192 б.;

13) Петров М. К., Стратегии развития бизнес-инкубаторов: монография-Москва, 2010 ж., 89 б.;

14) Стив Бланк, Боб Дорф, Стартап. Настольная книга основателя-Издательство: Альпина Паблишер, 2014 ж, 616 б.;

15) Гайдарулы, Еркин. Сравнительный анализ бизнес-инкубаторов и технопарков в различных регионах РФ / Еркин Гайдарулы, В. Л. Малинин. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2016. — № 1 (105). — 329-335 б.;

16) Данина, Е. А. Основные проблемы российских бизнес-инкубаторов и технопарков и пути их решения / Е. А. Данина, А. Д. Некипелова. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2016. — № 9 (113). — 544-546 б.;

17) Дрогичинская В.В., Практическое пособие по краудфандингу / Под ред. к.э.н. Ф.В. Мурачковского. –Москва, 2018 (1,2 басылым). – 125 б.;

18) Рич Джейсон, Краудфандинг/Переводчик: Соколов А., SmartBook, 2015 ж., 360 б.;

19) Ирина Лиленко-Карелина, Краудфандинг. Как найти деньги для вашей идеи, Лайвбук-2018 ж., 176 б.;

20) Блокчейн. Схема новой экономики, Мелани Свон, Олимп Бизнес, 2017 ж.;

21) Холодкова, Ю. А. Бизнес-инкубатор: его основные особенности и назначения / Ю. А. Холодкова. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2009. — № 9 (9). — 90-91 б.;

22) <http://www.begin.ru/add/all-about-mba/biznes-obrazovanie-v-raznykh-regionakh-mira/biznes-shkolyi-evropyi.html>;

23) https://ru.wikipedia.org/wiki/Высшая_школа_коммерции;

24) <http://rankings.ft.com/businessschoolrankings/global-mba-ranking-2015>;

25) <http://www.mba.su/price/>;

26) https://www.mba.su/articles/kto_nadenet_koronu/ мақаланың түпнұсқасы <https://www.kp.ru/guide/biznes-obrazovanie.html>.

**Образовательная программа курса повышения квалификации
«Основы IT предпринимательства (бизнес-инкубатор, блокчейн,
краудфандинг и др.) как актуальные инструменты коммерциализации
проекта» для педагогов и специалистов по профилю организаций,
реализующих образовательные программы дополнительного
образования детей**

Глава 1. Общие положения

1. Образовательная программа курса повышения квалификации «Основы IT предпринимательства (бизнес-инкубатор, блокчейн, краудфандинг и др.) как актуальные инструменты коммерциализации проекта» для педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей (далее – Программа), включает в себя круг вопросов, касающихся развития и дальнейшего совершенствования дополнительного образования детей научно-технического направления, предусматривает обновление теоретических, практических знаний, умений и расширение профессиональных навыков педагогов, оказание им методической помощи.

2. Программа разработана РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан на основе диагностики путем анкетирования профессиональных затруднений и потребностей педагогов, также анализа законодательных и нормативных правовых актов Республики Казахстан на предмет изменения действующих или появления новых требований.

3. Продолжительность Курса повышения квалификации (далее – Курс) составляет 80 часов. При составлении расписания занятий допускаются изменения в тематике Программы с учетом обновлений науки и педагогических технологий.

4. Образовательный процесс Курса включает интерактивные формы обучения: лекция, практическое занятие, творческая мастерская, мастер-класс, работа в малых группах, круглый стол, конференция, тренинг, защита проектов.

5. Программа направлена на совершенствование профессионального и педагогического мастерства и лидерских навыков педагогов и специалистов по профилю дополнительного образования детей с учетом новейших достижений в сфере науки и бизнеса.

6. Программа позволяет напрямую взаимодействовать с педагогами, обобщившими накопленный опыт, проанализировавшими свою деятельность с точки зрения инновационности и на основе изученного опыта спроектировать вариативную модель педагогической деятельности.

7. Программа способствует развитию и совершенствованию методики ведения обучающих программ, проявлению творчества педагогов с

применением традиционных и инновационных методов по бизнесу и IT предпринимательству и глобальным трендам в инновационном развитии в дополнительном образовании.

Глава 2. Глоссарий

8. Понятия, используемые в Программе:

1) бизнес-инкубатор - организация, занимающаяся поддержкой проектов молодых предпринимателей на всех этапах развития: от разработки идеи до её коммерциализации;

2) блокчейн - перечень блоков, созданных в определенном порядке для хранения информации в сети;

3) образовательная программа - документ, в котором фиксируется и аргументировано представляется цель учебного процесса, тематический и учебный планы, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов в условиях конкретного образовательного учреждения;

4) воркшоп - обучающее мероприятие (наравне с семинарами, курсами, мастерскими), на котором участники получают знания самостоятельно;

5) краудфандинг - коллективное сотрудничество людей, которые добровольно объединяют свои деньги или другие ресурсы вместе, как правило, через Интернет, чтобы поддержать усилия других людей или организаций;

6) нетворкинг – социальная и профессиональная деятельность, направленная на то, чтобы с помощью круга друзей и знакомых, работающих или имеющих связи в той или иной сфере, максимально быстро и эффективно решать сложные жизненные задачи и бизнес-вопросы;

7) педагогическая деятельность - деятельность, которая обеспечивает отношения, возникающие между людьми при передаче духовно-практического опыта;

8) стартап - компания, созданная для поиска воспроизводимой и масштабируемой бизнес-модели.

Глава 3. Тематика Программы

9. Тематика Программы с указанием количества теоретических и практических академических часов:

1) нормативный правовой модуль – 6 часов (теория).

Введение. Законодательные и нормативные правовые основы регулирования деятельности организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей – 2 часа.

Современные тенденции развития системы дополнительного образования и коммерциализации проектов, стартапов – 2 часа.

Антикоррупционные меры в организациях образования – 2 часа;

2) психолого-педагогический модуль – 8 часов (4 – теория, 4 – практика).

Психолого-педагогические особенности применения актуальных инструментов коммерциализации – 4 часа (2 – теория, 2 – практика).

Психологические аспекты IT предпринимательства в дополнительном образовании детей – 4 часа (2 – теория, 2 – практика);

3) Теоретико-технологический модуль – 20 часов (10 – теория, 10 – практика).

Основы IT предпринимательства – 4 часа (4 – теория).

Применение актуальных инструментов коммерциализации - блокчейн, краудфандинг и др. – 6 часов (2 – теория, 4 - практика).

Бизнес-инкубатор — двигатель развития предпринимательства в дополнительном образовании детей – 6 часов (2 – теория, 4 – практика).

Нетворкинг, краудфандинг – площадка (ковокринг, воркшоп) для реализации проектов в дополнительном образовании детей – 4 часа (2 – теория, 2 – практика);

4) Практико-ориентированный модуль – 46 часов (12 – теория, 34 – практика).

Актуальные методы и способы внедрения IT предпринимательства в дополнительное образование детей – 10 часов (4 – теория, 6 – практика).

IT предпринимательство и коммерциализация детского творчества и научных проектов детей в дополнительном образовании – 10 часов (2 – теория, 8 - практика).

Структура, создания и развитие бизнес-инкубаторов – 10 часов (2 – теория, 8 - практика).

Организация и сопровождение нетворкингов и краудфандинговых платформ – 10 часов (2 – теория, 8 - практика).

Блокчейн технологии – 6 часов (2 – теория, 4 – практика).

Всего – 80 академических часов: теория – 32, практика – 48.

Глава 4. Цель, задачи и ожидаемые результаты Программы

10. Цель Программы: создание условий для обновления знаний и повышения уровня профессиональной компетентности педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих программы дополнительного образования детей.

11. Задачи Программы:

1) ознакомить с обновлениями в законодательных и нормативных правовых актах системы дополнительного образования детей, современными тенденциями развития науки, техники и технологий;

2) изучить психолого-педагогические аспекты развития основ IT предпринимательства;

3) актуализировать и внедрить современные инструменты коммерциализации как бизнес-инкубатор, блокчейн, краудфандинг и др. в педагогическую деятельность в организациях образования;

4) ознакомиться с современными тенденциями развития IT предпринимательства, коммерциализации проектов и стартапов в дополнительном образовании детей.

12. По завершению Курса у педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей, будут обновлены знания и совершенствованы навыки профессиональной компетентности.

По завершении Курса слушатели:

1) знают законодательные и нормативные правовые акты системы дополнительного образования детей, современные тенденции развития системы дополнительного образования детей в области науки, техники и технологий;

2) владеют психолого-педагогическими аспектами развития основ IT предпринимательства в организациях образования;

3) владеют и внедряют современные инструменты коммерциализации проекта такие как: бизнес-инкубатор, блокчейн, нетворкинг, краудфандинг и др. в педагогическую деятельность в организациях образования;

4) ознакомлены с современными тенденциями развития IT предпринимательства и коммерциализации проектов, стартапов в дополнительном образовании детей.

Глава 5. Структура и содержание Программы

13. Структура Программы:

1) общие положения;

2) глоссарий;

3) тематика Программы;

4) цель, задачи и ожидаемые результаты Программы;

5) структура и содержание Программы;

6) организация учебного процесса;

7) учебно-методическое обеспечение Программы;

8) оценивание результатов обучения;

9) посткурсовое сопровождение;

10) список основной и дополнительной литературы.

14. Содержание Программы состоит из четырех модулей:

1) нормативный правовой;

2) психолого-педагогический;

3) теоретико-технологический;

4) практикоориентированный.

15. Нормативный правовой модуль раскрывает вопросы по обновлению законодательной, нормативной правовой базы дополнительного образования детей, направления модернизации казахстанского образования.

Примерные темы модуля:

1) законодательные и нормативные правовые основы регулирования деятельности организаций, реализующих программы дополнительного образования детей;

2) современные тенденции развития системы дополнительного образования и коммерциализации проектов, стартапов;

3) антикоррупционные меры в организациях образования.

16. Психолого-педагогический модуль предполагает совершенствование знаний о психолого-педагогических аспектах воспитания детей, развития личности обучающегося с учетом возрастных особенностей, развития навыков IT предпринимательства у детей, рассматривает проблемы межличностного общения в педагогическом коллективе и преодоления конфликтов.

Примерные темы модуля:

1) психолого-педагогические особенности применения актуальных инструментов коммерциализации;

2) психологические аспекты IT предпринимательства в дополнительном образовании детей;

17. Теоретико-технологический модуль раскрывает новые педагогические, проектные и исследовательские технологии, содержание и формы работы с детьми, особенности их применения, основные ожидаемые результаты.

Примерные темы модуля:

1) основы IT предпринимательства;

2) применение актуальных инструментов коммерциализации - бизнес-инкубатор, блокчейн, краудфандинг и др.

3) бизнес-инкубатор — двигатель развития предпринимательства в дополнительном образовании детей;

4) нетворкинг, краудфандинг – площадка (коворкинг, воркшоп) для реализации проектов.

18. Практико-ориентированный модуль Программы способствует совершенствованию педагогической деятельности в условиях перехода к практико-ориентированному образованию в дополнительном образовании детей.

Примерные темы модуля:

1) актуальные методы и способы внедрения IT предпринимательства в дополнительное образование детей;

2) IT предпринимательство и коммерциализация детского творчества и научных проектов детей в дополнительном образовании;

3) структура создания и развитие бизнес инкубаторов;

- 4) организация и сопровождение нетворкингов и краудфандинговых платформ;
- 5) блокчейн технологии.

Глава 6. Организация учебного процесса

19. Организация учебного процесса предусматривает проведение занятий в аудиторной и дистанционной формах, а также самостоятельную работу слушателя.

20. Программа предоставляет необходимые условия для проявления творчества педагогов и специалистов по профилю с применением традиционных и инновационных методов.

Программа включает теоретические и практические занятия по законодательному и нормативному правовому, научно-исследовательскому, программно-методическому, практическому обеспечению процесса функционирования и развития дополнительного образования детей и призван обеспечить целенаправленность, целостность и системность действий по совершенствованию качества дополнительного образования Республики Казахстан в соответствии с современными требованиями.

21. Образовательный процесс включает интерактивные методы обучения: дискуссии, мастер-классы, тренинги, обсуждение видефильмов, совместное решение вопросов, защиту проектов.

22. Целевая группа слушателей Курса: педагоги и специалисты по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей, независимо от ведомственной принадлежности и форм собственности.

Глава 7. Учебно-методическое обеспечение Программы

23. Учебно-методическое обеспечение – это совокупность всех учебно-методических документов и материалов по модулям тематики Программы, необходимых для организации и осуществления с их помощью обучения педагогов и специалистов по профилю организаций дополнительного образования.

24. Учебно-методическое обеспечение содержит следующие материалы.
учебно-методические пособия;
методические рекомендации для тренера/преподавателя/тьютора, слушателя;
конспекты лекций;
пособия по практическим занятиям;
материалы контроля знаний, умений, навыков;

гlossарий (справочник, словарь);
 презентационные и раздаточные материалы;
 методические материалы практических занятий;
 аудио, видео и мультимедийные материалы;
 список учебной литературы, рекомендуемой слушателям в качестве основной и дополнительной литературы и другие.

Учебно-методические комплексы могут использоваться как на бумажных носителях (книги, брошюры), так и в электронном виде.

25. Учебно-методическое обеспечение осуществляется по модулям Программы:

1) нормативный правовой модуль – законодательными и нормативными правовыми актами Республики Казахстан по вопросам образования;

2) психолого-педагогический модуль – электронными образовательными ресурсами (аудио, видеоматериалы, анимации и иллюстрации), методическими материалами тренингов и практических занятий;

3) теоретико-технологический модуль – программами по организации учебно-воспитательной работы, методическими рекомендациями по обновлению содержания образования, учебно-методическими пособиями, справочными материалами (гlossарий, справочник, словарь и др.);

4) практико-ориентированный модуль – разработками современных учебно-методических комплексов, практических занятий, мастер-классов, тренингов, презентационных материалов;

5) каждый модуль – конспектами лекций в печатном или электронном вариантах.

Глава 8. Оценивание результатов обучения

26. По завершении Курса предусматривается у педагогов и специалистов по профилю организаций, реализующих образовательные программы дополнительного образования детей, обновление, пополнение знаний и совершенствование навыков профессиональной компетентности.

27. По завершении образовательного процесса с целью контроля и оценки знаний слушателей проводятся (по выбору):

1) презентация проекта;

2) итоговое тестирование.

28. Тестовые задания по итогам Курса включают вопросы на знание:

1) законодательных и нормативных правовых актов системы образования;

2) современных подходов к управлению организацией дополнительного образования;

3) психолого-педагогических аспектов в процессе творческой деятельности;

4) инновационных технологий и методов обучения.

29. Презентация проекта по итогам Курса предусматривает защиту исследовательской работы индивидуально или в группе по изученным модулям.

30. Критерии оценки контрольной работы по итогам реализации Программы.

«Зачет» (тест: 50 процентов и выше) – педагог и специалист по профилю знает проблемную область выполненного задания, понимает первопричины решаемой проблемы, применяет знание для выполнения задания, анализирует и синтезирует подходы (методы, средства, формы, инструментарий и другие) для решения проблемы, оценивает значимость выполнения задания для решения проблем повседневной практики.

«Незачет» (тест: ниже 50 процентов) – педагог и специалист по профилю недостаточно знает проблемную область выполненного задания, не понимает первопричины решаемой проблемы, не применяет знание для выполнения задания, не умеет анализировать и синтезировать подходы (методы, средства, формы, инструментарий и другие) для решения проблемы, низко оценивает значимость выполнения задания для решения проблем повседневной практики.

Глава 9. Посткурсовое сопровождение

31. Посткурсовое сопровождение ориентировано на решение частных задач педагога, состоит из следующих элементов: самоопределение, актуальность компетентностей, обратная связь, непрерывность. Посткурсовой период предполагает полномасштабную рефлекссию, творческий отчет об осуществляемой им деятельности после Курса.

32. В посткурсовом сопровождении деятельности педагога используются следующие формы:

- 1) результаты профессионального развития;
- 2) организация и проведение в течение первого календарного года после прохождения Курса не менее трех самостоятельных работ педагогом;
- 3) привлечение педагогов, прошедших Курс и успешно применяющих полученные знания, умения, навыки на практике, к участию в мероприятиях по обмену опытом, публичное признание их опыта (публикации в средствах массовой информации);
- 4) корректировка Программы Курса.

33. Мониторинг посткурсового сопровождения деятельности педагога проводится в течение трех лет один раз в год заочно либо в дистанционной форме.

34. Каждый слушатель после Курса готовит индивидуальный план профессионального развития и направляет творческий отчет организаторам курса.

Глава 10. Список основной и дополнительной литературы

35. Список основной и дополнительной литературы, используемой в ходе проведения учебного процесса Курса:

1) «Методические рекомендации по образовательным программам научно-технического творчества детей», Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования МОН РК, Астана – 2015;

2) «Методические рекомендации по развитию системы технического творчества детей в детских инновационных парках», Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования МОН РК, Астана – 2015;

3) «Методические рекомендации по реализации компетентностного подхода в системе научно-технического творчества детей и молодёжи», Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования МОН РК, Астана – 2016;

4) «Организация интерактивных форм обучения и обновление содержания образования в условиях дополнительного образования (научно-техническое направление: робототехника, технопарки, бизнес-инкубаторы и другие)» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2013 г.;

5) Методические рекомендации «Дополнительное образование в современных социально-экономических условиях Республики Казахстан» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2013 г.;

6) Моргульчик Александр Моисеевич. Развитие предпринимательства на основе современных информационных технологий: диссертация кандидата экономических наук: 08.00.05.- Москва, 2001.- 182 с: ил. РГБ ОД, 61 02-8/25-3;

7) Моисеенко Елена Александровна, Григан Александр Михайлович, Болошин Геннадий Алексеевич, Анопченко Татьяна Юрьевна, Чернышев Михаил Анатольевич, Коммуникации в бизнесе, Феникс, 2007 г., 315 с.;

8) Владимир Горбунов: Бизнес-инкубаторы и предпринимательство-Издательство: РИОР, 2019 г., 215 с.;

9) Горбунов В. Л., Бизнес-инкубаторы и предпринимательство: монография-Издательство: РИОР; Инфра-М, 2014 г, 215 с.;

10) Джесси Рассел, Бизнес-инкубатор-Издательство Книга по Требованию, 2013 г, 28 с.;

11) А.Н. Асаул, М.П. Войнаренко, П.Ю. Ерофеев, Организация предпринимательской деятельности, Учебник. Под ред. д э.н., проф. А.Н. Асаула. – СПб.: «Гуманистика», 2004. – 448 с.;

12) Виген Оганесян, Развитие технопарков и бизнес-инкубаторов-Издательство: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2011 г, 192 с.;

13) Петров М. К., Стратегии развития бизнес-инкубаторов: монография-Москва, 2010 г., 89 с.;

14) Стив Бланк, Боб Дорф, Стартап. Настольная книга основателя-Издательство: Альпина Паблишер, 2014 г, 616 с.;

15) Гайдарулы, Еркин. Сравнительный анализ бизнес-инкубаторов и технопарков в различных регионах РФ / Еркин Гайдарулы, В. Л. Малинин. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2016. — № 1 (105). — С. 329-335.;

16) Данина, Е. А. Основные проблемы российских бизнес-инкубаторов и технопарков и пути их решения / Е. А. Данина, А. Д. Некипелова. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2016. — № 9 (113). — С. 544-546.;

17) Дрогичинская В.В., Практическое пособие по краудфандингу / Под ред. к.э.н. Ф.В. Мурачковского. —Москва, 2018 (1,2-е изд.). — 125 с.;

18) Рич Джейсон, Краудфандинг/Переводчик: Соколов А., SmartBook, 2015 г., 360 с.;

19) Ирина Лиленко-Карелина, Краудфандинг. Как найти деньги для вашей идеи, Лайвбук-2018 г., 176 с.;

20) Блокчейн. Схема новой экономики, Мелани Свон, Олимп Бизнес, 2017г.;

21) Холодкова, Ю. А. Бизнес-инкубатор: его основные особенности и назначения / Ю. А. Холодкова. — Текст : непосредственный, электронный // Молодой ученый. — 2009. — № 9 (9). — С. 90-91.;

22) <http://www.begin.ru/add/all-about-mba/biznes-obrazovanie-v-raznykh-regionakh-mira/biznes-shkolyi-evropyi.html>;

23) https://ru.wikipedia.org/wiki/Высшая_школа_коммерции;

24) <http://rankings.ft.com/businessschoolrankings/global-mba-ranking-2015>;

25) <http://www.mba.su/price/>;

26) https://www.mba.su/articles/kto_nadenet_koronu/ Оригинал статьи: <https://www.kp.ru/guide/biznes-obrazovanie.html>.